



Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию

Коллектив Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинава в прямом эфире слушал Послание Главы государства. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев особо отметил важность развития науки, образования и инноваций как единой системы. Цифровизация, развитие искусственного интеллекта и проект AI-Sana — имеют особое значение для нашего университета. Мы не только обучаем будущих специалистов современным цифровым навыкам, но и готовы внедрять научные инновации на благо страны. Одним из ключевых направлений развития страны обозначены цифрови-

зация и искусственный интеллект. Мы готовим студентов к освоению современных цифровых компетенций и разрабатываем инновационные решения для науки и производства. Кроме того, инициатива Президента по привлечению соотечественников из-за рубежа и квалифицированных специалистов является крайне актуальной. Наш университет готов создавать площадки для международного обмена опытом, что даст мощный импульс развитию науки и образования. Нашим студентам — новые возможности, нашим преподавателям — современные инструменты, нашей стране — путь устойчивого развития!



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ



Опыт ученых Турции

В ходе официальной встречи с профессором Melih Genis были рассмотрены ключевые направления дальнейшего партнерства



Стр. 7.

Современные вызовы цифровизации



На кафедре РМПИ
состоялись презентации
работ докторантов

Стр. 7.

Подшипники и мехатронные компоненты

Совместные исследования
с шведской компанией SKF

Стр. 8.

Saginov Technical University мен РМК «ҚазСтандарт» ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды



Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма төрағасы — ректоры Сауле Сагинтаева стандарттар мен өлшемдерге қойылатын талаптар үздіксіз өсіп отырған жағдайда ғылымның бұл бағыттағы жұмыстағы маңызы ерекше екенін атап өтті.

Басқарма мүшесі — ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Али Мехтиев өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін инженерлік кадрлар даярлаудың өзектілігіне назар аударды. Ол Saginov University-дің заманауи зертханалары, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы бар екенін және түлектері еңбек нарығында табысты бәсекелесіп жүргенін айтты.

— Біз жай ғана инженер емес, еңбек нарығының барлық талаптарына сай жаңа формациядағы инженерлерді даярлаймыз. Экономистерге де қатысты айтар болсақ, біз өнеркәсіп үшін мамандарды даярлап отырмыз. Бұл — осындай кәсіби кадрларға өсіп отырған сұраныстың тікелей талабы, — деп нақтылады Али Мехтиев.

24 қыркүйекте Saginov Technical University-ге бас директор Малик Саулебай бастаған Республикалық мемлекеттік кәсіпорын «ҚазСтандарт» делегациясы келді. Кездесу барысында тараптар кадр даярлау, халықаралық тәжірибелерді енгізу және бірлескен ғылыми-техникалық жұмыстарды жүргізу мәселелерін талқылады.

Ол ғылыми-техникалық жобаларға, гранттық қаржыландыруға бірлесіп қатысуды және қазақстандық үлесі жоғары интеллектуалды талшықты-оптикалық датчиктерді әзірлеуді әрі олардың өндірісін ұйымдастыруды, сондай-ақ шетелдік нарыққа шығару мүмкіндігін ұсынды. Сонымен қатар, «ҚазСтандартпен» бірлесе отырып, тау-кен кәсіпорындары үшін өлшеу және бақылау құралдарын әзірлеу ұсынылды.

Кездесуге қатысушылар мұндай әріптестік өзара әдістемелік және ғылыми қолдауға жол ашатынын атап өтті.

Өз кезегінде РМК «ҚазСтандарт» бас директоры Малик Саулебай институт жұмысының ауқымын және стандартизацияның әрбір адамның өміріндегі рөлін атап өтті. Қазақстанның ұлттық стандартизация жүйесі 10 мыңнан астам ұлттық стандартты және бұрынғыдан қалған 40 мыңнан аса ГОСТ-ты қамтиды.

— Бұл — тұрақты жаңартуды және кәсіби тәсілді қажет ететін ауқымды жұмыс. Стандартизация мен метрология бізді туғаннан бастап өмір бойы бірге алып жүреді. Қазір инженер-метрологтардың тапшылығы қатты сезіледі. Сол себепті университет базасында «Сандық метрология және үдерістерді автоматтандыру»

атты жаңа білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлауды маңызды деп санаймыз. Бұл елімізде де, шет елдерде де сұранысқа ие кадрлар даярлауға мүмкіндік береді, — деді ол.

РМК «ҚазСтандарт» ғылыми-зерттеу жұмыстары және оқыту басқармасының басшысы, Saginov Technical University түлегі Раушан Аймағамбетова студенттер мен оқытушыларға институттың мүмкіндіктерін таныстырды: гранттық бағдарламаларға қатысу, перспективалы ғылыми жобалар және халықаралық әріптестік.

Малик Саулебай университеттің музейін аралап, құрметті қонақтар кітабына естелік жазба қалдырды. Бұл кітапқа алғаш қолтаңба қалдырған — Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат мамандар даярлау, ғылыми зерттеулерді дамыту және Қазақстанда халықаралық стандарттарды енгізу ісінде күш біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл ынтымақтастық университетке тәжірибеге бағытталған оқытуды күшейтуге, ал «ҚазСтандартқа» техникалық реттеу, стандартизация және метрология саласындағы өзекті міндеттерді шешуге жас мамандарды тартуға жол ашады.

STU мен UESTC жақындай түсті!

Мемлекет басшысының Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті (STU) қос диплом бағдарламасын іске асыру туралы University of Electronic Science and Technology of China (UESTC) компаниясымен меморандумға қол қойды.

UESTC — Қытайдағы жетекші техникалық университеттердің бірі, QS әлемдік рейтингінің үздік ТОП 500-не кіреді. Қол қою Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен өтті, бұл аталған жобаны қолдаудың жоғары деңгейін көрсетеді.

2025 жылдың 4 қыркүйегінде ректор профессор Сауле Сагинтаева және стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор Тимур Қанапиянов бастаған STU делегациясы Чэнду қаласындағы UESTC кампусына барды.

Сапар бағдарламасына мыналар кірді:

- UESTC президенті профессор Ху Цзюньмен ресми келіссөздер;
- жетекшілердің сөз сөйлеуімен және бірлескен жобаларды талқылаумен семинар;

- жеке блок магистратура деңгейінде қос диплом бағдарламасын іске асырудың егжей-тегжейін талқылауға арналды.

Сапар аясында жетекші мектептер бойынша шолу экскурсиясы өтті:

- School of Mechanical and Electrical Engineering,
- School of Computer Science and Engineering (School of Cyber Security),
- School of Integrated Circuits Science and Engineering.

Делегация UESTC жасанды интеллект зертханаларына және цифрлық және микроэлектрониканы дамытуда шешуші рөл атқаратын чиптерді жобалауға ерекше назар аударды.

STU и UESTC — стратегиялық серіктестік пен ғылым мен білім беруді халы-



қаралық деңгейде дамытуға деген ортақ ұмтылыспен біріктірілген төркіндес университеттер.

Мұндай ынтымақтастық Қазақстан студенттері үшін жаңа көкжиектер ашады және отандық университеттердің халықаралық танылуын нығайтады.

Сауле Сагинтаева: «Инженер нового поколения — это ключевой исполнитель реформ Президента»

День труда в Казахстане в этом году проходит под эгидой Года рабочих профессий, объявленного Главой государства. Это ставит в центр общественного внимания не только рабочих, но и инженеров — тех, кто создает и модернизирует производство. О том, как технические университеты готовят кадры для новой экономики, почему партнерство с промышленностью стало основой современного образования и какая роль отводится инженерному корпусу в построении Справедливого Казахстана, мы беседуем с Ректором Карагандинского технического университета имени А.Сагинова Сауле Сагинтаевой.

— Сауле Саветовна, здравствуйте. Год рабочих профессий, инициированный Президентом, акцентирует внимание на специалистах, которые работают «руками». Какова в этой парадигме роль инженера и технического университета?

— Здравствуйте. Инициатива Главы государства имеет огромное стратегическое значение. Она возвращает в фокус общественного внимания культ трудового человека в самом широком смысле. Сегодняшний квалифицированный рабочий — это специалист, который управляет сложнейшими цифровыми станками, и готовить его нужно на совершенно ином уровне.

Именно здесь и раскрывается роль технического университета. Мы — то самое связующее звено, которое обеспечивает промышленность не только инженерами, но и задает стандарт для подготовки рабочих кадров новой формации. Когда Президент Касым-Жомарт Токаев говорит о модернизации экономики, он, по сути, ставит перед нами, технической интеллигенцией, задачу по подготовке целого поколения специалистов, способных эту модернизацию осуществить. Наш университет реализует эту задачу через сквозную систему подготовки — от колледжа до индустриального Ph D.

— Глава государства постоянно говорит о необходимости тесной связки науки, образования и производства. Как на практике ваш университет выстраивает эту связь с промышленными гигантами?

— Без этой связки современный технический университет существовать не может. Мы давно отошли от модели, когда вуз был «башней из слоновой кости». Сегодня мы — неотъемлемая часть производственной экосистемы, и этот курс задан Президентом.

Нашим практическим ответом стало создание инновационно-образовательного консорциума — **Корпоративного университета**, который объединяет уже более 85 предприятий региона. В рамках этого партнерства мы адаптируем образовательные программы под реальные запросы рынка. У нас функционируют 43 филиала кафедр непосредственно на промышленных предприятиях, таких как АО «Qarmet», ТОО «Корпорация Казахмыс», «KAZZINC» и «Тау-Кен Самрук». Это позволяет студентам с первого курса погружаться в производственную среду, а нам — привлекать к преподаванию инженеров-практиков, чья доля в учебном процессе доходит до 40 %. Это и есть та самая **модернизация образования**, о которой говорит Глава государства.



— Как университет участвует в системе социального партнерства? И как вы воспитываете не только профессионала, но и ответственного гражданина?

— Социальное партнерство для нас — это, прежде всего, ответственность за будущее наших выпускников. Мы не просто выдаем диплом, мы даем путевку в жизнь. Это полностью соответствует духу **реформ Президента**, направленных на построение Справедливого Казахстана, где главным мерилем успеха являются знания и профессионализм.

Мы активно участвуем в разработке профессиональных стандартов, чтобы наша **образованность** была конвертируемой, признанной на рынке. В университете действует **Центр рабочих профессий**, где студенты могут получить реальную квалификацию, например, токаря или фрезеровщика, и пройти сертификацию.

Казахстанский институт сварки выдает дипломы международного образца, признаваемые в 55 странах мира.

Мы воспитываем в наших студентах уважение к **Закону и Порядку**, будь то правила техники безопасности или нормы академической честности. Инженер — это не только технический специалист, но и лидер коллектива. От его умения выстраивать диалог, уважать людей зависит социальный климат на предприятии. Воспитывая таких инженеров, мы готовим **ответственных граждан и патриотов**, которые будут не просто строить заводы, но и строить Справедливый Казахстан.

— **Цифровизация** — еще один ключевой приоритет, обозначенный Главой государства. Насколько готов Карагандинский технический университет готовить инженеров для цифровой эпохи?

— **Цифровизация** для технического вуза — это уже не будущее, а настоящее. Президент поставил задачу по превращению Казахстана в цифровую державу, и инженеры — это «цифровой спецназ», который должен эту задачу выполнить.

Мы кардинально перестраиваем учебные программы, внедряя сквозные цифровые компетенции и элементы искусственного интеллекта для адаптивного обучения. Сегодня инженер-металлург должен разбираться в анализе больших данных, горняк — в системах автоматизированного проектирования, строитель — в BIM-технологиях.

Мы создаем современные лаборатории, такие как **Конструкторское бюро на базе ТОО «QazTehna»** для разработки прототипов новой техники. Активно развиваем **интернационализацию**, реализуя совместные программы с вузами Китая, России, Беларуси и стран Европы, чтобы наши студенты изучали лучший мировой опыт. Мы понимаем, что без этого невозможно обеспечить технологический суверенитет и конкурентоспособность страны. Подготовка инженеров нового поколения, способных мыслить и работать в цифровой парадигме, — это наш вклад в реализацию амбициозного курса, заданного Главой государства.



Saginov Technical University әлемдік үздік университеттері қатарында

25 қыркүйекте Алматы қаласында QS World University Ranking 2026 рейтингіне қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті.

QS рейтингі әлемдегі ең беделді үш университет рейтингінің бірі ретінде танылады, ол Әлемдік университеттердің академиялық рейтингі және Times Higher Education World University Rankings рейтингтерімен қатар тұрады.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық универси-

теті QS World University Rankings 2026 халықаралық рейтингінде әлемнің ең үздік университеттері қатарына еніп, 951–1000 орындар диапазонынан көрінді. Бұл тізімге енген 20 қазақстандық жоғары оқу орындарының ішінде біздің университет ұлттық деңгейдегі ТОП-10 көшбас-

шылар қатарында тағы да өз орнын алды.

Марапаттау рәсімі С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде өтті.

Салтанатты рәсімде марапаттарды QS Quasquarelli Symonds компаниясының бас коммерциялық директоры Джейсон Ньюман табыстады.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті атынан марапаттау рәсіміне Басқарма мүшесі — Әлеуметтік-тәр-

бие жұмысы жөніндегі проректор Абай Калыков қатысып, марапатты қабыл алды.

Халықаралық беделді рейтингтің жоғары бағасымен құттықтаймыз!

Ғылыми әлеуетін арттырып, академиялық беделін нығайтып, халықаралық байланыстарын кеңейтіп келе жатқан университетіміздің әлемдік деңгейде мойындалған жоғары оқу орындарының қатарында қалуы — зор мақтанш.



Стратегия будущего



10 сентября по инициативе Департамента молодежной политики КарТУ имени Абылкаса Сагинова была организована встреча студентов с Членом Правления — Проректором по социально-воспитательной работе Абаем Калыковым по разъяснению Послания Президента РК.

Она проходила в свободной форме, без обязательного в подобных случаях цитирования текста Послания. Об основных положениях важного документа, охватившего широкий спектр проблем и направлений, которые задают курс для реформ и всей работы госаппарата Абай Кобландиевич рассказал, оперируя хорошо знакомыми студентам примерами. Объяснил для чего уделяется столь большое внимание цифровизации экономики и что это даст стране и ее гражданам в будущем. При этом подчеркнул роль студентов и молодежи в реализации стоящих перед Республикой амбициозных планов.

Добавим к этому, что наш вуз принимает активное участие в национальном проекте Al-Sana, разработанном по инициативе Главы государства. Как известно, он направлен на подготовку специалистов в области искусственного интеллекта и его масштабное внедрение в образование, науку и предпринимательство, о чем недавно рассказала в интервью «Казахстанской правде» Председатель Правления — Ректор Saginov Technical University Сауле Сагинтаева. А будучи утвержденным в качестве «якорного» вуза по программе Al-Sana, КарТУ имени Абылкаса Сагинова выполняет функции ее регионального представителя, охватывая как собственный регион, так и соседние области.

Перед нынешним поколением студентов, молодежи стоят большие задачи. Им продолжать дело, начатое их предшественниками, стать настоящими, конкурентоспособными специалистами избранного дела с активной жизненной позицией. Именно такими старается воспитать и выпустить их наш университет, подтверждающий славу одного из ведущих технических вузов страны.

Верим, что наши студенты внесут достойный вклад в развитие и процветание нашей страны.



Жолдау жайлы бір үзік ой

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын Қазақстан халқына жариялады. Жолдау елдің болашақтағы дамуына әсер ететін стратегиялық бағытының барлық саласын қамтыды. Президент өз сөзінде Қазақстан үш жылда цифрлық ел болуы қажеттігін сөзге тиек етті. Сонымен қатар, жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру мектеп қабырғасынан, яғни ерте жастан қолға алудың қажеттілігіне тоқтала келе, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсері жылдан-жылға артып келетінін атап өтті. Ол үшін мектеп оқушыларына «Жасанды интеллект негіздері» пәнін әзірлеу қажеттілігі мен ұстаздардың озық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді тапсырды. Жасанды интеллекттің дамыту, цифрлық жүйеге көшу, 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуға бағытталған Al-Sana бағдарламасының жүзеге аса бастауы жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетіні анық

деп білеміз. Жаңа «Жасанды интеллект және цифрлық даму» министрлігінің құрылуы да осы атап өтілген бастамалардың өміршеңдігі мен ел үшін үлкен маңыздылығын айқындауда.

Жолдауда атап көрсетілгендей, Президенттің басты мақсаттарының бірі — Қазақстанды Еуропа мен Азияның жалғап тұрған аса маңызды көпіріне айналдыру. Логистика саласын дамыту барысында басқару процесіне жасанды интеллекті, тасымалдаудың барлық түріне инновациялық технологияларды енгізу алдағы жылдарда жүзеге асқалы жатыр.

Экономиканың болашағы — білімді маманның қолында.

Жыл күтпей, күн сайын қарқынды дамып жатқан цифрлық заманның тілін түсініп, құралдарын игерген инженерлердің тапшылығына тап болатын кезеңнің алдында тұрғанымыз анық. Бұл істі жүзеге асыру үшін жас буынды өте білімді, заманауи техника мен технологияны толық меңгерген маман ретінде дайындап шығару міндеті әр білім беру орындарына жүктеліп отыр. Ел экономикасы мен цифрлық дамуды қатар қойып, екі ұғымның бір-бірімен тығыз байланыстырған Президентіміз цифр-

лық жаһандану кезеңінде әлеммен сауда-саттық орнату барысында бір деңгейде пікір алмасып, өзіндік позициямызды ұстану үшін, соңғы инновациялық жаңалықтарға дайын болуымыздың алғышарттарын көздеуде.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ұжымы жыл сайынғы Президент Жолдауынан оң қорытындылар шығарып, білім беру саласындағы соңғы зерттеу нәтижелері мен заман талабын ескеріп, инженер кадрларды дайындауда алдыңғы қатарда екені мәлім. Университетіміздің миссиясы мен жыл сайынғы жоспары Жолдауда көрсетілген білім беру саласына қатысты тұжырымдарды жүзеге асырумен тығыз байланысып келеді.

Президент Жолдауы — баршамызға ортақ азаматтық және ұлттық міндет.

Жолдаудың нақты міндеттері орындалса, Қазақстанның жарқын келешегін қалыптастыруда тың бастамаларға жол ашылады деген сеніміміз мол!

Қ.М.ХАМЗИНА,
«Қазақ тілі және мәдениеті»
кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Saginov Technical University «IQanat» қоғамдық қорымен және IQClub бизнес-қоғамдастығымен ынтымақтастығын кеңейтуде



Біздің елімізде Қор Қазақстанның шалғай ауылдарындағы мектеп оқушыларына сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндік беріп келеді. Жыл сайын 50 мыңнан астам бала қатысатын IQanat олимпиадасын ұйымдастыру арқылы өз мектебіне (Бурабайда) оқушыларды қабылдайды, сондай-ақ ауыл оқушыларына онлайн және офлайн бағдарламалар бойынша білім береді. Мұның бәрі — жасөспірімдердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, жеке тұлғалық өсуіне және әркім өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруға бағытталған.

Кездесу барысында қонақтар бизнес-клубтың қызметімен таныстырып, мазмұнды бейнероликтер көрсетті. Олар

18 қыркүйекте Saginov Technical University-де Басқарма Төрайымы — Ректор Сауле Сагинтаеваның жетекшілігімен өткен кездесуге Ректордың кеңесшілері Айдос Айтбаев пен Александр Дорошенко, сондай-ақ «IQanat» қоғамдық қорының директоры Азамат Ашамаев пен осы қордың қамқоршысы, IQClub бизнес-клубының Learning Officer-ы, TOR'RE компаниялар тобы директорлар кеңесінің төрағасы Ерболат Жақсылықов қатысты.

атап өткендей, IQanat қорының мектептер салу, балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстары түгелдей оның 233 қамқоршысының қолдауымен жүзеге асып отыр. Олардың қатарында YPO Kazakhstan (Young Presidents Organisation) мүшесі болып табылатын көптеген қазақстандық кәсіпкерлер бар. Олар бизнес-қауымдастықтың дамуына белсенді үлес қосып, бизнес-форумдар, білім беру кездесулері мен қайырымдылық акцияларын өткізуде.

Қорымен тығыз ынтымақтастық университетке халықаралық серіктестікті кеңейтуге, дарынды жастарды тәрбиелеу мен білім беру ісіне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Басқарма Төрайымы — Ректор Сауле Сагинтаева университеттің Қорға та-

лантты балаларды дамыту ісінде қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті. Ал тараптардың нақты міндеттері мен ниеттері кездесу қорытындысы бойынша қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандумда көрініс тапты.

Сонымен қатар, осы іс-шара аясында IQ Club-пен тағы бір ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Іске сәт! Ортақ игілік жолындағы жұмыстары табысты болсын!



Бүгінгі таңда әлемде технологиялық революция жүріп жатыр. Жасанды интеллект енді болашақтың технологиясы емес — ол қазіргі заманның шындығы.

Мақсаты:

- Цифрлық инфрақұрылымды нығайту, 5G желісін дамыту және киберқауіпсіздікті күшейту.
- ЖИ-орталықтар құру, стартап-экожүйені дамыту, халықаралық серіктестіктер орнату.
- Орталық Азияның цифрлық хабына айналу және инновациялық экспортты дамыту.

Куратор сағатының нәтижесінде студенттер цифрлық жаңғырудың — табысты ел болудың кепілі екенін түсінеді.

Болашақ стратегиясы: цифрлық Қазақстанға қадамдар мен іс-шаралар

«Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау» кафедрасында ГПР-23-2 тобының студенттері, кураторы т.ғ.м. оқытушы Кенетаева Айгүль Акановнамен кураторлық сағатта Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халыққа жолдаған Үндеуін талқылады.

Кураторлық сағаттың міндеттері:

- Студенттерге Жасанды интеллект пен цифрландыру: Қазақстанның стратегиялық дамуының негізін қалыптастыру.
- Студенттердің Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Студенттердің осы бағытқа деген қызығушылығын арттыру — біздің стратегиялық бағдарымыздың негізгі мақсаты.
- Студенттердің бойында ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптегі ақылды технологиялар туралы білімдерін жалпылау.
- Өндіріс желілерін автоматтандыру, сапа бақылауы және болжамды техникалық қызмет көрсету арқылы тиімділікті арттыру.
- Өндіріс желілерін автоматтандыру, сапа бақылауы және болжамды техникалық қызмет көрсету арқылы тиімділікті арт-

тырудың маңызын түсіндіру, соның ішінде мұнай-газ саласында.

Өндіріс желілерін автоматтандыру, сапа бақылауы және болжамды техникалық қызмет көрсету арқылы тиімділікті арттыру.

5 жылда 1 миллион адамды цифрлық дағдыларға үйрету бағдарламасы:

- Тегін онлайн курстар ұйымдастыру.
- ЖИ құралдарымен жұмыс жасау.
- Деректерді талдау дағдыларын игеру.
- IT-мамандар.

Жоғары білікті IT-мамандардың санын 10 есе арттыру:

- Халықаралық сертификат.
- Тәжірибе алмасу.
- Дәстүрлі мамандықтарды цифрландыру үшін қайта даярлау.
- Өмір бойы оқыту.

Қазақстан Digital Government дейтіндегі халықаралық рейтингте 28-орында тұр.

Мақсатымыз — топ-20-ға кіру.

Saginov Technical University-ге Түркиялық профессор келді



Профессор Melih Genis университетке ҚР ҰЖБМ шетелдік сарапшылар мен жетекші университеттердің ғалымдарын тарту жөніндегі республикалық бағдарлама аясында келді.

Профессор Melih Genis халықаралық ғылыми және білім беру қызметімен белсенді айналысады, геотехникалық инженерия, топырақ механикасы және тау-кен саласындағы маман болып табылады. Сонымен қатар, ол Zonguldak Bulent Ecevit University гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы болып табылады.

Melih Genis Геомеханикадағы есептеу әдістері мен жетістіктері жөніндегі халықаралық қауымдастықтың (IACMAG), Ежелгі тау құрылыстары механикасы қауымдастығының (MARS), Тау жыныстары механикасының халықаралық қауымдастығының толық мүшесі. Халықаралық Мацумаэ қорынан (MIF, Жапония) және Германияның академиялық алмасу қызметінен (DAAD) стипендия алған. Хирш Индексі-15.

Saginov Technical University-re Zonguldak Bulent Ecevit University (Түркия) профессоры Melih Genis келді.

Профессор Melih Genis-пен ресми кездесу барысында серіктестіктің негізгі бағыттары қарастырылды. Ғылыми өзара іс-қимылды тереңдету, инженерия, инновациялық технологиялар және тұрақты даму саласындағы бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру мүмкіндіктері, сондай-ақ түрік профессорының университеттің білім беру процесіне қатысу перспективалары талқыланды.

Келесі мәселелерге ерекше назар аударылды:

- бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру;
- студенттердің, магистранттардың және оқытушылардың академиялық алмасулары;

- университеттің білім беру және ғылыми іс-шараларына шетелдік мамандардың қатысуы;
- халықаралық басылымдарда жариялау белсенділігін кеңейту.

Университет есімімен аталатын көрнекті ғалым және мемлекет қайраткері Академик Әбілқас Сағыновтың туғанына 110 жыл толуына арналған университеттің ғылыми журналының мерейтойлық шығарылымына дайындық талқылаудың жеке тақырыбы болды.

Профессор Melih Genis-ті арнайы шығарылымның шетелдік редакторы ретінде тарту мүмкіндігі қарастырылды, бұл басылымға жоғары халықаралық мәртебе береді және университеттің әлемдік аренадағы ғылыми беделінің өсуіне ықпал етеді.

Профессор Melih Genis Қазақстанның жетекші техникалық университеттерінің біріне келуге шақыруға және келу мүмкіндігіне ие болғаны үшін алғысын білдірді, сондай-ақ ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделілігін атап өтті. Ол «Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру» кафедрасының магистранттары, докторанттары мен ПОҚ үшін «Практикалық геомеханика» және «Геомеханикалық процестерді сандық модельдеу» бағыты бойынша дәрістерді, мастер кластарын, семинарларды ерекше сүйсініп өткізетінін атап өтті.



Роль ИИ в цифровизации горнодобывающей отрасли

В КарТУ имени Абылкаса Сагинова, на кафедре «Разработка месторождений полезных ископаемых», состоялись презентации докторантов группы ГДД-24-1з Абылая Алиева (ТОО «Корпорация Казахмыс») и Мейиржана Тагатова (ТОО «Kazakhmys Coal», разрез «Молодежный»). Это мероприятие было проведено в рамках реализации медиаплана по информационному освещению Послания Главы государства народу Казахстана и посвящено актуальной теме — «Роль искусственного интеллекта в цифровизации горнодобывающей отрасли».



В ходе презентаций говорилось о значении горнодобывающей отрасли и вызовах цифровизации; ключевых технологиях искусственного интеллекта (машинное обучение, компьютерное зрение, NLP); направлениях применения ИИ: разведка месторождений, автоматизация добычи, повышение безопасности, экологический контроль и ана-

литика; реальных кейсах внедрения ИИ в мировых компаниях (Rio Tinto, BHP, Komatsu, GoldSpot Discoveries).

Докторанты отметили, что цифровизация и искусственный интеллект позволяют повысить производительность до 30 % и снизить затраты до 20 %; сократить аварийные простои и повысить уровень безопасности работников

и улучшить экологический контроль, снизить негативное воздействие на окружающую среду.

Вывод, который следует после проведенных презентаций, совершенно очевиден: искусственный интеллект становится стратегическим фактором устойчивого развития и конкурентоспособности горнодобывающей отрасли Казахстана.

Saginov Technical University-де шведтік SKF компаниясымен ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды

25 қыркүйекте, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма мүшесі — Ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры Али Мехтиев, архитектура-құрылыс факультетінің деканы Данияр Тоқанов және «Өнеркәсіптік көлік» кафедрасының профессоры Оюм Балабаевтың шведтік SKF компаниясының өкілдерімен жұмыс кездесуі өтті. Бұл компания — мойынтіректер, мехатрондық компоненттер, тығыздағыштар мен майлау жүйелерін өндіру бойынша әлемдік көшбасшы, сондай-ақ инженерлік шешімдер жеткізушісі.

Кездесу барысында ғылыми-зерттеу, білім беру және өндірістік қызмет аясында екіжақты ынтымақтастық орнату перспективалары талқыланды. Сонымен қатар инновациялық әзірлемелерді енгізу, бірлескен зерттеулер жүргізу, сондай-ақ университеттің студенттері мен оқытушылары үшін SKF мамандары тарапынан тағылымдамалар мен мастер-кларстар ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар одан әрі өзара іс-қимыл жасауға мүдделілік танытып, инженерия мен машина жасау саласында ғылымды, инновацияларды және тәжірибеге бағытталған оқытуды нығайтуға бағытталған бірлескен бастамаларды іске асыру қадамдарын белгіледі.



Өмір бойы оқыту — қазақстандықтар

Осы атаумен біліктілікті арттыру институты «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС мамандары үшін курстар өткізді. Тақырыптың атауының өзі білімін үнемі жетілдіруге бағытталған. Жаңа білім алу, оларды уақыт талабына сай қолдана білу көптеген қосымша мүмкіндіктер ашады.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті еліміздің жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі бола отырып, үздіксіз білім беруге үлкен көңіл бөледі. Еліміздің көптеген ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарымен тығыз іскерлік байланыс орната отырып, ол мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Үнемі дамып келе жатқан өнеркәсіп саласындағы мамандардың білімін өзектендіру — саланы дұрыс дамытудың негізгі қадамы.





Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің халықаралық Coursera платформасындағы жетістіктері

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі ауқымды жоспарлар айқын көрініс тапты. Бүгінде біз осы бағыттағы ең ірі бағдарламалардың бірін бірлесе жүзеге асырудамыз. Қазақстандық студенттер Coursera платформасында 350 мыңға жуық сертификат алды, оның ішінде 2304 — Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті студенттерінің жетістігі. Оған қоса, ондаған курс қазақ тіліне бейімделіп, жоғары оқу орындары онлайн-курстарды академиялық бағдарламаларға тиімді енгізіп отыр. Әсіресе, еліміздің барлық университеттерінің білім алушылары үшін жетекші цифрлық ресурстардың қолжетімді болғаны ерекше атап өтуге тұрарлық. Бүгінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті де жасанды интеллект саласындағы мамандарды даярлауға және оны білім, ғылым мен кәсіпкерлікке кең көлемде енгізуге бағытталған ұлттық AI-Sana жобасын жүзеге асыруға белсене қатысып отыр. Сонымен бірге, Қазақстан биылғы Coursera жыл сайынғы конференциясында халықаралық деңгейде танылды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке халықаралық Learning Hero сыйлығы берілді. Бұл — еліміздің білім беру саласына берілген жоғары бағалардың бірі!

үшін жаңа мүмкіндіктер

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың Үздіксіз білім беру институты өткізген кезекті курс «Қазақмыс» корпорациясының мамандарына арналды. Ол осы жазда, 24 шілдеден 28 тамызға дейін өткізілді.

«Қазақмыс» корпорациясы — Қазақстандағы және бүкіл ТМД аумағындағы ірі тау-кен металлургиялық компаниялардың бірі. Компанияның негізгі қызметі — түсті металдарды, әсіресе мысты өндіру, өңдеу және сату.

Үздіксіз білім беру институты Сәтбаев және Жезқазған өңірлеріндегі кеніштерде маман-

дардың біліктілігін арттыру үшін арнайы оқу курстарын сәтті ұйымдастырып өткізді.

Оқыту барысында басқарма қызметкерлері мен жұмысшы мамандар жарылыс қаупі бар аймақтарда қолданылатын электр жабдықтары мен желілерін қауіпсіз пайдалану, монтаждау, іске қосу-реттеу жұмыстары бойынша кәсіби білімдерін жетілдірді.

Курсты өткізуге университеттің аға оқытушылары Г.Байдүйсенов, О.Махамбетов қатысты. Біліктілікті арттыру курстарымен 178 маман қамтылды.



Saginov Technical University-де Басқарманың кеңейтілген отырысы өтті



29 қыркүйекте Saginov Technical University-де 2025–2026 оқу жылына арналған ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарлы іс-шараларды іске асыру шеңберінде Басқарманың кеңейтілген отырысы өтті.

Отырыс барысында ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Азамат Амиров пен коммерцияландыру кеңсесінің басшысы Рустам Бузяковтың оқытушылар мен студент жастардың сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын

алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізген жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Жұмыс қорытындысы бойынша Басқарма мүшелері университеттің құ-

рылымдық бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және осы көріністерге нөлдік төзімділікті қалыптастыру бойынша мақсатты және жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, аталған іс-шараларды іске асыру кезінде азаматтық қоғам институттарын тартуға бағытталған қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі практикалық іс-шараларды қамтамасыз ету тапсырылды.

Лучшие из лучших

В Карагандинском гарнизоне был проведён конкурсный отбор в соответствии с приказом Министра обороны Республики Казахстан от 24 июля 2017 г. «Об утверждении Правил военной подготовки по программе офицеров, сержантов запаса» среди студентов НАО «Карагандинского Технического Университета» имени Абылкаса Сагинова, «Карагандинского Национального Университета» имени академика Е. А. Букетова, «Карагандинского Индустриального Университета» для прохождения военной подготовки на военной кафедре «Карагандинского Технического Университета имени Абылкаса Сагинова».

По итогам конкурсного отбора с учетом результатов прохождения медицинской комиссии, психологического отбора, физической подготовки и среднего балла успеваемости, приёмной комиссией было принято решение о зачислении на военную кафедру студентов, успешно прошедших конкурсный отбор. После распределения по циклам обучения Начальником военной кафедры в присутст-



вии его заместителей и начальников циклов было проведено родительское собрание с родителями студентов, где им были доведены требования законодательства и руководящих документов по порядку обучения на военной кафедре.

Заместитель начальника военной кафедры НАО «КТУ» имени Абылкаса Сагинова по воспитательной и идеологической работе подполковник Е.КУШЕРБАЕВ

Saginov Technical University түлегі пауэрлифтингтен ел чемпионы атанды



Қыркүйек айының 7-нен 15-не дейінгі аралығында Семей қаласында ересектер арасында пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа қатысушылардың қатарында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университет түлегі Вадим Свешников та болды. Ол 93 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Студент кезінде Вадим бірнеше рет осы спорт түрінен түрлі жарыстарда жеңіске жеткен болатын. Бұл жолы да чемпионатта оған теңдес болған жоқ. Оның қорытындысы бойынша Вадим ел чемпионы құрметті атағын жеңіп алды. Сонымен қатар, ол ҚР спорт шебері атағын алды. Вадим Свешниковты жеңісімен құттықтаймыз және одан әрі спорттық және кәсіби жетістіктер тілейміз!

Моё избирательное право



10 сентября Территориальная избирательная комиссия города Караганды в рамках мероприятий Центральной избирательной комиссии, приуроченных к 30-летию Конституции Республики Казахстан, провела в Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова республиканский диктант.

Диктант проводился на двух языках — казахском и русском с участием около 500 школьников города — будущих избирателей.

Основная цель диктанта — повышение правовой грамотности молодежи, разви-

тие избирательной культуры и укрепление их гражданской.

В ходе мероприятия участники не только проверили свои знания, но и получили новые сведения об избиратель-



ном праве. Диктант способствовал укреплению правовой культуры молодого поколения и формированию демократических ценностей.

Активность молодежи — залог устойчивого развития и процветания.





Ученые из Польши поведали секреты участия в зарубежных грантовых проектах

3 и 4 сентября 2025 года в Карагандинском техническом университете имени Абылкаса Сагинова прошёл визит делегации Университета АГН из Польши.

Цель встречи — развитие научно-образовательного сотрудничества, обмен академическим и исследовательским опытом, а также обсуждение потенциальных направлений взаимодействия в инженерных и технологических областях.

В рамках визита были проведены:

- семинары и лекции,
- научные консультации,
- встречи с профессорско-преподавательским составом и студентами.

Встреча с ученой из Польши, доктором PhD, профессором Варшавского технологического университета, профессором Института системных исследований Польской академии наук Марией Ганжа. Состоялась в рамках Республиканской программы МНВО РК по привлечению зарубежных экспертов и ученых из ведущих университетов.

Мария Ганжа является ведущим ученым и специалистом Польши и имеет

индекс Хирша по базе Scopus — 18. Она проводит исследования в области искусственного интеллекта, операционных систем, баз данных, математической информатики, комплексного анализа и интегральной геометрии.

Во время своего визита профессор прочитает лекции и проведет практические занятия для студентов, магистрантов, докторантов и ППС университета по искусственному интеллекту для научных исследований, консультации диссертаций магистрантов и докторантов, обучающий семинар и тренинг для сотрудников и обучающихся по методологиям научных исследований, а также Workshop по публикации статей в высокорейтинговых журналах.

Кроме того, профессор Ганжа проведет консультации для исследователей и административных сотрудников университета по вопросам участия в зарубежных грантовых проектах Erasmus+,



Horizon, World Bank и других международных программах.

В ходе встречи были достигнуты договоренности о совместной научной деятельности и перспективах сотрудничества, в рамках которых планируется подготовка и оформление совместных научных статей, участие в международных проектах, поддержка ученых при подаче заявок в программу Erasmus+, проведение совместных исследований, а также совместная работа по открытию и совершенствованию образовательных программ Карагандинского технического университета имени Абылкаса Сагинова.



«За политехнические знания»

№7(1643) 30 қыркүйек 2025 ж.

Меншік иесі және құрылтайшысы: ӨМК Қарағанды техникалық университеті
 Редакцияның мекен-жайы: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, бас корпусының 403 каб. Тел.: +7 701 394 81 18, 56-24-10 (қос. – 1079).
 Эл. пошта: gazeta.kstu@mail.ru. Газетті www.kstu.kz сайтынан оқуға болады.

БАҚ есепке қою туралы куәлігі Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде № 4253-Г 08.10.2003 ж. берілген.

Айына 1 рет жарық көреді. Таралымы: 350 дана.

Газеттің басылған орны: 100027, Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 56 үй, 4 корпус. Қарту баспасы.

Редактор: А. Александров

Фото: Д. Иманалиев.

Тарату аймағы: Қарағанды техникалық университеті.

Материалдарды қайта басу кезінде газетке сілтеме жасалуы шарт.

Редакция пікірі мақала авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция мүмкіндігінше авторлық стильді және жарияланымның емлесін сақтайды.

Редакция ұсынылған авторлық материалдарды себебін түсіндірусіз қабыл алмауға құқылы. Қолжазбаларға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.